

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Куришбаев

2026 ж.

**Профессор-оқытушылар құрамының,
кафедралар, факультеттердің қызметін бағалаудың
рейтингтік жүйесі туралы**

ЕРЕЖЕ

Е ҚазҰАЗУ- 380

Келісілді:

**Сапа жағынан
басқарма өкілі**


М.Алексеева

Құрастырушылар:

Ибрагимов П.Ш., Алпысбаева Г.Е., Алексеева М.А., Султанов А.А., Ералиева А.Ш.,
Абазов Р.Ф., Бақтымбет С.С., Абдраманов А.А., Кайпбаев Е.Т.

Келісілді:

Басқарма Төрағасы- Ректордың
Бірінші орынбасары




(Қолы)
« 04 » _____ 05

П.Ибрагимов

2026 ж.

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор




(Қолы)
« 04 » _____ 05

Г.Алпысбаева

2026 ж.

Қаржы директоры




(Қолы)
« 04 » _____ 05

А.СЫДЫКОВ

2026 ж.

/ Тәрбие жұмысы жөніндегі
проректор




(Қолы)
« 04 » _____ 05

А.Ералиева

2026 ж.

Ғылым департаментінің
директоры




(Қолы)
« 04 » _____ 05

А.Султанов

2026 ж.

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры




(Қолы)
« 04 » _____ 05

С.Бақтымбет

2026 ж.

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы



(Қолы)
« 04 » _____ 05

С.Ордабаева

2026 ж.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен
бекітілді және қолданысқа енгізілді (« 30 » _____ 04 2026 ж. № 12 хаттама).

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	4
2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР	4
3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4. ГЛОССАРИЙ	5
5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
6. РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
7. РЕЙТИНГ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	7
8. ПОҚ, КАФЕДРАЛАР, ФАКУЛЬТЕТТЕР РЕЙТИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	8
9. БАҒАЛАУДЫҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ	9
10. РЕЙТИНГ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.....	11
11. ҚЫЗМЕТТІҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІНЕ СӘЙКЕС ПОҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.	12
Қосымша 1	13
Профессор-оқытушылар құрамының 2025-2026 оқу жылындағы рейтинг көрсеткіштері	13
Қосымша 2.....	23
Кафедраның 2025-2026 оқу жылындағы рейтинг көрсеткіштері	23
Қосымша 3.....	30
Факультеттің 2025-2026 оқу жылындағы рейтинг көрсеткіштері.....	30

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы профессор-оқытушылар құрамының, кафедраларының, факультеттерінің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы ереже рейтингті ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарды (бұдан әрі – ереже) белгілейді.

1.2 Осы Ереже ішкі пайдалануға арналған.

2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Ереже Қазақстан Республикасының төмендегі заңнамалық актілері және «ҚазҰАЗУ» КЕАҚ ішкі нормативтік құжаттары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
- «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысы
- Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 2025-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ «ҚазҰАЗУ» КеАҚ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ҚР ҰҒА	ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы
ҒЖБССҚЕК	Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ОӘБ РОӘК	Оқу-әдістемелік бірлестік – Республикалық оқу-әдістемелік
ЖБТ	кеңестің жобаларын басқару топтары
АСК	Академиялық сапа жөніндегі кеңес
ӘБП	Әкімшілік-басқару персоналы
QS WUR	Quacquarelly Symonds World University Ranking
ОПМБ	Оқу процесінің мазмұны бөлімі
ОПҰБ	Оқу процесін ұйымдастыру бөлімі
СжТБ	Стратегия және талдау бөлімі
АМЖД	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
ХК	Халықаралық кеңсе

Е ҚазҰАЗУ-380. Профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер қызметтерін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже

ТЖЖД	Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
БАБ	Біліктілікті арттыру бөлімі
ҒД	Ғылым департаменті
ТК	Тіркеуші кеңсесі
ҒК	Ғылыми кітапхана
ПжЖОБ	Практика және жұмысқа орналастыру бөлімі
ФД	Факультет деканы
КМ	Кафедра меңгерушісі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
КРСҚ	Көрсеткішті растайтын сканерленген құжат

4. ГЛОССАРИЙ

Сапа	талаптарға тән сипаттамалардың сәйкестік дәрежесі
Тиімділіктің көрсеткіштері (Key Performance Indicators, KPI)	негізгі стратегиялық және тактикалық (операциялық) мақсаттарға жетуді анықтауға көмектесетін бағалау жүйесі
Құзыреттілік Рейтингілік критерийлері	өз білімі мен дағдыларын қолдану қабілеті университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының жұмысына рейтингтік бағалау жүргізілетін белгілердің жиынтығы
Рейтинг	мамандарды даярлау, ғылыми зерттеулер жүргізу және университеттің дамуына қосқан үлесі бойынша оның жұмысының өнімділігі мен сапасын көрсететін оқытушының оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие қызметінің деңгейлік нәтиже көрсеткіші.
Рейтинг жүйесі	сандық көрсеткіштер немесе рейтингтік бағалар негізінде кез келген объектілердің сапа тізімі түріндегі ретке келтіру жүйесі; зерттелетін объектілердің көрсеткіштерін, осы көрсеткіштердің маңыздылығын көрсететін баллдар жүйесін қамтиды, алынған нәтижені жіктеуге мүмкіндік беретін сараптамалық бағалау мен рейтингтік шкаланы ескереді.
Рейтингтік ынталандырушы сыйлықақылар	жоғары сапалы жұмыс көрсеткіштері бар қызметкерлердің еңбегін ынталандыруға мүмкіндік беретін қосымша төлемдер

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы ереже ағымдағы оқу жылындағы университеттің ПОҚ, кафедралары, факультеттерінің қызметін рейтингтік бағалауды ұйымдастыру мен жүргізудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, тәртібін айқындайды.

5.2 ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің жетістіктерін рейтингтік бағалау

ҚазҰАЗУ-дың 2025-2029 жылдарға арналған Даму Бағдарламасының, QS WUR әлемдік рейтингінің, жоғары оқу орындарының ұлттық институционалдық рейтингінің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының рейтингісінің бекітілген индикаторлары мен көрсеткіштеріне негізделеді.

5.3 Рейтинг нәтижелері қызметкерлердің жоғары кәсіби жетістіктерін ынталандыру мен көтермелеудің, олардың жан-жақты кәсіби дамуы үшін қолайлы орта құрудың, сондай-ақ университет пен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқару мен жетілдірудің маңызды құралы ретінде барлық деңгейдегі басшылық үшін ақпараттық база болып табылады.

5.4 Рейтинг үшін ынталандыру үстемеақы төлеу көзі тиісті қаржы жылына арналған ҚазҰАЗУ-дың даму жоспарында бекітілген еңбекке ақы төлеу қоры болып табылады.

5.5 Рейтингтік бағалауға атқаратын бірліктің үлесіне қарамастан ЖОО-да жұмыс істейтін және университетте кемінде 1 оқу жылы ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар барлық штаттық ПОҚ міндетті түрде қатысады. Ішкі қоса атқару бойынша жұмыс істейтін оқытушылар рейтингке ерікті түрде қатысады.

Ағымдағы оқу жылының екінші семестрінен бастап еңбек шарты жасалған оқытушылар құрамы, сондай-ақ ағымдағы оқу жылында бала күтімі бойынша демалыстан екінші жартыжылдықтан оралған әйелдер ерекшелік болып табылады.

5.6 Рейтинг үшін ынталандыру үстемеақысын төлеу мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) тараптардың өзара келісімі бойынша еңбек шартын ұзарту не қайта жасасу кезіндегі қызметкерлерді қоспағанда, өз қалауы бойынша жұмыстан босатылған және еңбек шарты тоқтатылған қызметкерге;

2) ҚазҰАЗУ-да белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданылған қызметкерге;

3) қызметкердің жүктілік және босану бойынша демалысқа шығуы, кейіннен бала күтімі бойынша демалысы;

4) оқу демалысы уақытына.

5.7 Қызметкерге ынталандыру үстемеақы төлеу Қағидалардың 5.6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негізде тоқтатылған жағдайда, сыйлықақыларды қалпына келтіру туралы мәселе тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе белгіленген тәртіппен тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылданғаннан кейін қаралуы мүмкін.

6. РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6. Рейтингтік жүйенің мақсаты мен міндеттері

6.1 Рейтингтік жүйесіндегі бағалаудың мақсаты-профессор-оқытушылар құрамының уәждемесін арттыру, университеттің даму стратегиясы мен бағдарламасын орындау.

6.2 Рейтингтік жүйенің міндеттері:

- университетті дамыту және ұжымның еңбек өнімділігі көрсеткіштерінің аналитикалық деректері негізінде оның қызметін жетілдіру;

- оқытушылардың біліктілігін, кәсібилігін, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстың өнімділігін арттыруға қызығушылығын арттыру, Е ҚазҰАЗУ-380. Профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер қызметтерін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже

университеттің инновациялық дамуына және оның қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ПОҚ шығармашылық бастамасын дамыту;

- оқытушының өз еңбегінің нәтижелілігіне сыни талдау жүргізуі;

- жалпы университеттің, сондай-ақ оның факультеттерінің, кафедралары мен ПОҚ-ның қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық база құру;

- ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету есебінен ПОҚ/кафедра/ факультет қызметін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету;

- университет рейтингін арттыруға ықпал ететін аса маңызды қызмет түрлерін ынталандыру;

- ПОҚ, кафедралар, факультеттер қызметінің тиімділігін бағалау және бақылау үшін бірыңғай кешенді критерийлерді қалыптастыру.

6.3 ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің қызметін рейтингтік бағалау:

– кафедраның, факультеттің, университеттің даму міндеттерін шешуге қосқан жеке үлесін бағалау;

– көшбасшыларды жекелеген қызмет түрлерінде (оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық, имидждік, тәрбие және әлеуметтік) анықтау;

– университеттегі, кафедрада және факультетте оқытушының жалпы орнын (рейтингін) анықтау;

– оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық, имидждік, тәрбие және әлеуметтік қызметтегі оқытушылардың белсенділігін арттыру үшін жағдай жасау;

– құрылымдық бөлімшелердің басшыларын ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің кәсіби даярлық деңгейі және оны жетілдіру бағыттары туралы қосымша ақпаратпен қамтамасыз ету;

– ғылыми-педагогикалық лауазымдарға кандидатураларды ұсыну рәсімін жеңілдету, ПОҚ, басшы қызметкерлердің резервін айқындау;

– шешілетін міндеттердің басымдықтарын өзгерту кезінде кафедраның, факультеттің, университеттің ғылыми-педагогикалық әлеуетін басқару;

– қызметкерлердің мотивациясын арттыру және қызметкерлердің біліктілік деңгейін, педагогикалық және ғылыми жұмыстың өнімділігін арттыруға жеке қызығушылығын қамтамасыз ету;

6.4 Қызметті рейтингтік бағалаудың артықшылықтары:

- ағымдағы оқу жылындағы ПОҚ, кафедралар, факультеттердің кәсіби қызметінің сапасын бағалауды жүзеге асыру мүмкіндігі;

- ПОҚ, кафедралар, факультеттер қызметін бағалаудың кеңейтілген рәсімінің ашықтығы;

- профессор-оқытушылық құрам, кафедралар мен факультеттер арасында өзін-өзі бағалау және кәсіби қызметін өзін-өзі талдау дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

6.5 Рейтинг нәтижелері конкурс өткізу, кадр құрамын оңтайландыру және ПОҚ аттестаттау туралы шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

7. РЕЙТИНГ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

7.1 ПОҚ қызметін рейтингтік бағалаудың негізі жекелеген бөлімшелер мен қызметкерлердің оған қосқан үлесін ескере отырып, жұмыстың дамуын және сапасын арттыруды тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

7.2 Рейтингтің келесі деңгейлері бар: ПОҚ, кафедра, факультет.

7.3 ПОҚ, кафедра, факультет рейтингінің ағымдағы оқу жылындағы барлық көрсеткіштері қызмет бағыттары бойынша біріктірілген:

I-ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс, оның үлес салмағы жалпы ұпай сомасының 50% құрайды;

II-оқу және оқу-әдістемелік жұмыс, оның үлес салмағы жалпы ұпай сомасының 35% құрайды;

III-тәрбие, әлеуметтік және имидждік жұмыс, оның үлес салмағы жалпы ұпай сомасының 15% құрайды.

7.4 Рейтингті есептеу Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі оқытушының, кафедраның, факультеттің рейтингтік сауалнамасының толтырылған электрондық нысаны негізінде жүзеге асырылады.

7.5 Қызметтің әр бағыты белгілі бір көрсеткіштерге ие, олардың әрқайсысына ұпай беріледі. Ұпайлар саны қызмет бағыттары бойынша коэффициентке көбейтіледі: 0,5; 0,35; 0,15 және ұпайлардың жиынтық сомасы есептеледі.

7.6 Қол жеткізілген нәтижелерге байланысты қызметкер 1-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

ПОҚ рейтингін есептеу ағымдағы оқу жылындағы қызметтің әрбір бағыты бойынша жеке көрсеткіштер негізінде жүргізіледі.

Қызметкердің жалпы рейтингі формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{жалпы}} = P_1 \times 0,5 + P_2 \times 0,35 + P_3 \times 0,15,$$

бұл жерде:

$P_{\text{жалпы}}$ – қызметкердің жалпы рейтингі;

P_1 – ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет көрсеткіштері бойынша ұпай саны;

P_2 – оқу және оқу-әдістемелік жұмыс көрсеткіштері бойынша ұпай саны;

P_3 – тәрбие, әлеуметтік және имидждік жұмыс көрсеткіштері бойынша ұпай саны.

Сауалнамада қызметкердің тиісті есепті кезең ішінде қол жеткізген нәтижелері ғана көрсетіледі.

7.7 Кафедра рейтингін есептеу кафедра оқытушыларының, оның ішінде кафедра меңгерушісінің ағымдағы оқу жылындағы қол жеткізген жұмысының әр бағыты бойынша нәтижелерді саралау негізінде құрылады. Алынған ұпай сомасы рейтингке қатысатын кафедраның штаттық оқытушыларының санына бөлінеді.

8. ПОҚ, КАФЕДРАЛАР, ФАКУЛЬТЕТТЕР РЕЙТИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Рейтингті ұйымдастыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- алынған ақпараттың объективтілігі мен сенімділігі;
- ашықтық, жариялылық, жеделдік және жүйелілік;
- шешім қабылдаудың құзыреттілігі мен алқалылығы.

8.2 Рейтингтік бағалауды ұйымдастыру аккредиттеу және рейтинг секторына жүктеледі.

8.3 Аккредиттеу және рейтинг секторының функциялары:

Е ҚазҰАЗУ-380. Профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер қызметтерін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже

- рейтингтік бағалау критерийлерін, талаптарын, әдістемелері мен құралдарын әзірлеуге байланысты қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;
- факультеттердің, кафедралардың және ПОҚ басшылығына рейтингті дайындау мен өтуде көмек көрсету, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
- қызметтің нормативтік базасын жетілдіру мақсатында оның алдыңғы рейтингтік бағалауын жүргізу нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жинау және есепке алу;
- жалпы университет басшылығы үшін аналитикалық және статистикалық ақпаратты дайындау.

8.4 ПОҚ, кафедра, факультет қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі келесі кезеңдерді қамтиды.

8.4.1 «ПОҚ рейтингі» жүйесіне кіру Platonus ААЖ-да жеке логин және пароль арқылы жүргізіледі, ол ағымдағы оқу жылы ішінде рейтингтік сауалнаманың нақты көрсеткіштерін енгізу үшін ашық болады.

8.4.2 ПОҚ/кафедралар/ факультеттердің жоспарланған рейтингтік сауалнамасын қалыптастыру әр оқу жылының басында жүзеге асырылады.

8.4.3 «ҚазҰАЗУ рейтингі» базасын ашу және жабу мерзімдері Кестемен бекітіледі, қызмет бағыттары бойынша Басқарма Төрағасы – Ректордың орынбасарларымен келісіледі және Басқарма Төрағасы – Ректоры немесе Басқарма төрағасы- Ректордың бірінші орынбасарымен бекітіледі.

8.4.4. ПОҚ, кафедралар, факультеттер рейтингінің нәтижелерін шығару жылына бір рет: ағымдағы оқу жылының маусым айында жүргізіледі.

8.5 ПОҚ, кафедралар, факультеттер рейтингін техникалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

- белгіленген мерзімде жұмыс істеу үшін рейтинг мазмұнын іске асыруды қамтамасыз ету;
- рейтинг жүйесінің жұмысы бойынша кеңес беру;
- сындарлы жағдайларды қашықтан диагностикалау;
- қателерді жедел түзету;
- ақпаратты қосу және өзгерту;
- бағдарламалық жасақтаманы құру және толықтыру.

8.6 ААЖ-ға рейтингтік бағаларды есептеу жүргізілетін деректерді дұрыс және уақтылы енгізу үшін жауапкершілік университеттің әрбір оқытушысына тікелей жүктеледі. Дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда оқытушы рейтингтік бағалауға жіберілмейді және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

8.7 ПОҚ, кафедралар, факультеттер қызметін бағалау көрсеткіштері мен әдістемесіне университеттің стратегиялық міндеттеріне байланысты жаңа оқу жылына өзгерістер мен түзетулер енгізілуі мүмкін.

9. БАҒАЛАУДЫҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

9.1 Әрбір оқытушы ААЖ Дерекқорына мәліметтерді енгізеді және ұсынылған ақпарат үшін дербес жауапты болады.

9.2 Кафедра меңгерушісі "Кафедра рейтингін" толтырады және ұсынылған ақпарат үшін дербес жауапты болады.

9.3 Факультет деканы "Факультет рейтингін" толтырады және ұсынылған ақпарат үшін дербес жауапты болады.

Е ҚазҰАЗУ-380. Профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер қызметтерін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже

9.4 Декандар мен кафедра меңгерушілері белгіленген мерзімде ПОҚ, кафедралар мен факультеттер рейтингінің мәліметтерін түзетеді және жинақтайды.

9.5 Оқытушылар, кафедралар, факультеттер қызметінің үш бағыты бойынша ұпайлары бар рейтинг көрсеткіштері 1-3-қосымшаларда ұсынылған.

9.6 ПОҚ, кафедралар, факультеттер рейтингінің қорытынды сомасы жұмыстың үш бағыты бойынша көрсеткіштердің балдарын жинақтау жолымен есептеледі. Бұдан әрі алынған ұпайлардың жалпы сомасы бойынша ПОҚ/кафедралар/факультеттер кему тәртібімен сараланады және әрбір оқытушының, кафедраның және факультеттің орны айқындалады.

9.7 ПОҚ/кафедралар/факультеттердің көрсеткіштерін растау үшін ААЖ – да «Көрсеткішті растайтын сканерленген құжат» (КРСҚ) опциясы көзделген. Осы опцияның белсенді болуы үшін оқытушы ағымдағы оқу жылы ішінде барлық көрсеткіштер бойынша барлық растайтын құжаттарды сканерлейді және тиісінше «ПОҚ рейтингі» дерекқорына енгізеді.

9.8 Кафедра мен факультет рейтингінің көрсеткіштерін толтыру кезінде «КРСҚ» опциясы ПОҚ рейтингісіндегідей қалыптастырылады.

9.9 ПОҚ рейтингінің нәтижелері кафедра отырысында талқыланады және бекітіледі. Кафедра меңгерушісі ағымдағы оқу жылында әрбір оқытушының нақты орындалған рейтингтік сауалнамасына қол қояды.

9.10 ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің рейтингтік сауалнамаларын кафедра меңгерушілері, факультет декандары және құрылымдық бөлімшелердің басшылары тексереді және растайды.

9.11 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің индикативті жоспарының нақты орындалу көрсеткіштеріне мониторинг жүргізуді аяқтағаннан кейін, қызметкерлер тексеру нәтижелеріне шағымдануға құқылы. Апелляция беру процедурасы келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

- «Оқытушының рейтингі», «Рейтинг ПОҚ» модуліндегі жеке кабинетте индикаторлардың орындалу статусын тексеру қажет. Апелляция тек **«Қабылданбады»** статусы бар позициялар бойынша ғана мүмкін болады.

- **«Қабылданбады»** статусы бар көрсеткіштерде **«Апелляцияға беру»** батырмасы пайда болады.

- Пайда болған **«Апелляцияға беру»** батырмасын басу керек.

- Ашылған диалогтық терезеде дәлелді түсініктеме беріп, көрсеткіштің орындалуын растайтын қосымша құжаттарды жүктеу қажет.

- Апелляция пайдаланушыларға **тек белгіленген апелляция кезеңі аралығында ғана қолжетімді**. Осы кезеңнен тыс уақытта апелляция беру мүмкін емес.

- Барлық өрістерді толтырғаннан кейін жіберуді растау батырмасын басу керек.

9.12 ПОҚ / кафедралар / факультеттердің кәсіби қызмет деңгейін рейтингтік бағалау нәтижелерін талдау:

- ПОҚ/кафедралар/факультеттер тізімін саралау;

- ПОК/кафедраларды/факультеттерді қызмет түрлері бойынша саралау;
- профессорлық-оқытушылық құрамның/кафедралардың/факультеттердің, сондай-ақ жалпы университеттің кәсіби қызмет деңгейі туралы қорытынды;
- ПОК/кафедралар/факультеттер және жалпы университет қызметінің сапалық көрсеткіштерінің егжей-тегжейлі деректерін алу.

9.13 Бағдарлама автоматты түрде қорытынды ұпай бойынша ПОК, кафедралар мен факультеттердің көрсеткіштерін саралайды.

10. РЕЙТИНГ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

10.1 Ағымдағы жылдың 01 маусымынан келесі жылдың 31 мамырға дейінгі кезең рейтингтің есептік кезеңі болып табылады.

10.2 Жыл сайын Басқарма Төрағасы – Ректордың немесе Басқарма төрағасы – Ректордың бірінші орынбасарының бұйрығымен рейтингтік комиссия құрылады.

10.3 Комиссия құрамына қызмет бағыттары бойынша Басқарма төрағасы - Ректордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және факультет декандары кіреді.

10.4 Рейтингтік комиссия ПОК, кафедралар, факультеттердің рейтингтегі позицияларын бөлу процесінде шешімдер қабылдау үшін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

10.5 Рейтингтік комиссияның функциялары:

- университет қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын басым көрсеткіштерді қалыптастыру;

- ПОК, кафедралар, факультеттер жұмысының деңгейі мен тиімділігін бағалау және бақылау үшін бірыңғай кешенді критерийлерді қабылдау;

- ПОК рейтингтерінің хаттамаларында және құрылымдық бөлімшелердің деректерінде ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын тексеру;

- қызметті рейтингтік бағалау жүйесін жетілдіру бойынша ескертулерді, ұсыныстарды қарау және осы Ережеге өзгерістер, толықтырулар енгізу;

- келіспеушіліктер, дәлелді апелляциялар болған немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда көрсеткіштерді түзету не қайта есептеу жөнінде шешімдер қабылдау;

- ПОК, кафедралар, факультеттер қызметін рейтингтік бағалау қорытындыларын шығару және нәтижелерді Басқарма Төрағасы – Ректордың қарауына енгізу.

10.6 ПОК, кафедралар, факультеттер рейтингінің нәтижелерін материалдық ынталандыру үшін қолдану туралы шешімді Басқарма төрағасы – Ректор рейтингтік комиссияның ұсынысы бойынша қабылдайды.

10.7 Рейтингтік комиссияның қызметі хаттамаланатын отырыстар нысанында жүзеге асырылады.

10.8 Рейтинг нәтижелері бойынша толық деректер тек оқытушыға өзіндік есеп жүргізу үшін ұсынылады. Бөлімше басшылары жалпыланған нәтиже алады.

Е ҚазҰАЗУ-380. Профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер қызметтерін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже

10.9 Рейтинг нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған ПОҚ лауазымдық жалақысының 25% аспайтын мөлшерде рейтингтік ынталандыру үстемеақы алуға құқылы.

10.10 Сараланған ай сайынғы ынталандыру үстемеақы ПОҚ нәтижелі жұмысы үшін белгіленеді, міндетті түрде барлық үш бағыттағы жетістіктері болғанда: ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс, тәрбие, әлеуметтік және имидждік жұмыс.

10.11 Рейтинг нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған кафедра меңгерушілері мен факультет декандары басшылық тарапынан ынталандырылуға құқылы.

11. ҚЫЗМЕТТІҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІНЕ СӘЙКЕС ПОҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11.1 ПОҚ әрбір лауазымдық санаты бойынша рейтинг балдары санының ең төменгі шекті деңгейі белгіленген:

Лауазымы	Минималды балл санының шекті деңгейі
Профессор	160
Қауымдастырылған профессор	120
Дәрежесі бар аға оқытушы, оқытушы, ассистент	90
Дәрежесі жоқ аға оқытушы, оқытушы, ассистент	60

11.2 11.1-тармақта белгіленген ең төменгі шекті деңгейге қол жеткізбеу мәселені аттестаттау комиссиясының отырысында қарау үшін негіз бола алады

Ерекшелік:

- педагогикалық жүктемені ішкі, сыртқы қоса атқарушы ретінде орындаған оқытушылар;

- ағымдағы оқу жылының екінші семестрінен бастап еңбек шарты жасалған оқытушылар.

11.3 Кафедра меңгерушілері профессорлық-оқытушылар құрамының рейтингтік көрсеткіштерді уақытылы енгізбеу және толтырмауы үшін жеке жауапкершілікте болады.

Профессор-оқытушылар құрамының 2025-2026 оқу жылындағы рейтинг көрсеткіштері

1. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет						
Коды	Атауы	Өлшем бірлігі	Қамтамасыз етеді	Растайды	Растаушы құжат	Ұпайлар
1.1.	ҚазҰАЗУ шоттары арқылы өтетін ҒЗЖ (БМҚ, гранттық қаржыландыру, ЖҒК, коммерцияландыру) орындау:					
1.1.1.	жоба жетекшісі	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	45
1.1.2.	жобаның жауапты орындаушылары	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Олар жауапты орындаушылар болып табылатын міндеттерді көрсете отырып, ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	30
1.1.3.	жобаны орындаушы	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	10
1.2.	ҚазҰАЗУ шоттары арқылы өтетін халықаралық қаржыландыру шеңберінде ҒЗЖ орындау:					
1.2.1.	жоба жетекшісі	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	50
1.2.2.	жобаның жауапты орындаушылары	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Олар жауапты орындаушылар болып табылатын міндеттерді көрсете отырып, ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	20
1.2.3.	жобаны орындаушы	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	10

1.3.	ҚазҰАЗУ шоттары арқылы өтетін АШМ, ҚР ҒЖБМ ғылыми ұйымдарымен бірлесіп ҒЗЖ орындау:					
1.3.1.	жоба жетекшісі	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	30
1.3.2.	жобаның жауапты орындаушылары	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Олар жауапты орындаушылар болып табылатын міндеттерді көрсете отырып, ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	15
1.3.3	жобаны орындаушы	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары	10
1.4.	ҚазҰАЗУ шоттары арқылы (5 млн. теңгеден кем емес) индустрия, бизнес және басқа даму институттары тарапынан (шаруашылық шарт, ББ 019, бірреттік қызметтер) ҒЗЖ орындау:					
1.4.1.	жоба жетекшісі	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Қызмет көрсету туралы шарт және бекітілген штат кестесі	20
1.4.2.	жобаны орындаушы	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Қызмет көрсету туралы шарт және бекітілген штат кестесі	10
1.5.	Жас ғалымдардың ҒЗТКЖ орындауы (Жас ғалым / постдокторантура)	Жетекші	ПОҚ	КМ / ҒД	Ағымдағы жылға бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары және сканерленген бұйрық	15
		Ғылыми кеңесші				10
1.6.	Соңғы 5 жылда шетелде жарияланған ғылыми монографиялар (тек бір рет есептеледі)	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Монографияның сканерленген титулдық беті, шетелдік басылымның мазмұны мен шығысы немесе Интернет желісінде орналасқан түпнұсқа сайттағы веб-беттің URL-мекенжайы	20

1.7.	Ағымдағы оқу жылында Web of Science индекстелетін нөлдік импакт-факторы бар журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар:* (ұпайлар саны Сыртқы тең авторларды есептемегенде ҚазҰАЗУ ішкі тең авторларына бөлінеді)					
1.7.1.	Q1	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Көрсетілетін мақаланың көшірмесі: мақаланың атауы, мақала авторлары, мақаланың жарияланған күні, журналдың және ISSN журналының атауы немесе Интернет желісінде орналасқан журналдың түпнұсқа сайтындағы веб-беттің URL мекенжайы немесе оның Digital Object Identifier (DOI). ҚазҰАЗУ міндетті түрде көрсетілуі тиіс	45
1.7.2.	Q2	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД		30
1.8.	ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған және ағымдағы оқу жылы РҒДИ базасына кіретін басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Көрсетілетін мақаланың көшірмесі: мақаланың атауы, мақала авторлары, мақаланың жарияланған күні, журналдың атауы не Интернет желісінде орналасқан журналдың түпнұсқа сайтындағы веб-беттің URL мекенжайы не мақаланың Digital Object Identifier (DOI)	10
1.9.	Халықаралық және республикалық конкурстардың, оның ішінде СҒЗЖ жеңімпаздары мен жүлдегерлері болған студенттерге жетекшілік жасау	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Конкурстық комиссияның сканерленген хаттамасы, сканерленген бағдарлама, жүлделі орын алу туралы диплом, қатысу туралы сертификат немесе мақалалар көшірмесі	10
1.10.	Стартап жобаларға жетекшілік жасау (студенттік, жас ғалымдарға және т.б.)	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Конкурстық комиссияның сканерленген хаттамасы, стартап-жобалар конкурсына қатысу туралы дипломдар мен сертификаттар	10

1.11.1.	Web of Science базалары бойынша Хирш индексінің болуы (кейінгі жылдары ұпайлар h-индексі ұлғайған кезде беріледі)	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Дерекқордан беттің скриншоты, онда көрсету керек: автордың аты-жөні, Хирш индексі	20
1.11.2.	Scopus базалары бойынша Хирш индексінің болуы (кейінгі жылдары ұпайлар h-индексі ұлғайған кезде беріледі)	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Дерекқордан беттің скриншоты, онда көрсету керек: автордың аты-жөні, Хирш индексі	10
1.12.	Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша алынған қорғау құжаттары (ҒҒТҚН коммерцияландыруға қатысатын құжаттар ғана ескеріледі)					
1.12.1.	Соңғы 3 жылдағы халықаралық патенттер	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген патент немесе Интернет желісінде орналасқан түпнұсқа сайттағы веб-беттің URL мекенжайы	20
1.12.2	Ағымдағы оқу жылына ҚР патенттері	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген патент немесе Интернет желісінде орналасқан түпнұсқа сайттағы веб-беттің URL мекенжайы	15
	- БМҚ, ГҚ, коммерцияландыру шеңберінде					
	- бастамашыл					
1.12.3	Авторлық құқық туралы куәлік	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген авторлық құқық туралы куәлік	5
1.12.4	Селекциялық жетістік (сорт, тұқым және т. б.)	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген немесе растайтын құжаттар	15
1.12.5	Тізілімге енгізілген препараттар	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген немесе растайтын құжаттар	15
1.12.6	Сатылған лицензиялар	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген немесе растайтын құжаттар	15
1.13	Ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру, ғылыми семинарларға, форумдарға және т. б. қатысу					
1.13.1	Шетелдік жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда	Саны (5-тен артық емес)	ПОҚ	КМ / ҒД	Сертификат, шақыру, бағдарлама	10
1.13.2	Республикалық жоғары оқу орындарында, ҒЗИ және бейінді кәсіпорындарда	Саны (5-тен артық емес)	ПОҚ	КМ / ҒД	Сертификат, шақыру, бағдарлама	5

1.14	Мемлекеттік атаулы ғылыми сыйлықтар мен стипендиялардың, «Үздік ғылыми қызметкер» атағының иегерлері	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Лауреаттың аты-жөнін көрсете отырып, тиісті атаулы ғылыми сыйлықты/стипендияны тапсыру туралы сканерленген куәлік/сертификат	10
1.15.	Сараптамалық қызмет, оның ішінде:					
1.15.1	Ізденістер-Нәтижелер ғылыми журналының рецензенті	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген бұйрық, журналдың титулдық парағының көшірмесі, уәкілетті органдардан анықтама, ҰМҒТСО сайтынан скриншот, қолы мен мөрі бар сканерленген рецензия	15
1.15.2	- ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі; - университеттің жас ғалымдар кеңесінің мүшесі; - ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	Сканерленген бұйрық, журналдың мұқаба беті, куәлік немесе анықтама	10
1.16	АӨК дамытудың басым бағыттары бойынша ғылыми-технологиялық және инжинирингтік парктер құруға қатысу	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	келісім-шарт / бұйрық	10
1.17	Жаңа ғылыми-инновациялық зертханалар құруға, оның ішінде ұжымдық пайдалануға қатысу	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	келісім-шарт / бұйрық	10
1.18	Зертханаларды аккредиттеуге және сертификаттауға қатысу	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	келісім-шарт / бұйрық	10
1.19	МВА, DBA, постдокторантура бағдарламасын әзірлеуге қатысу	Саны	ПОҚ	КМ / ҒД	бұйрық	15
Бағыт бойынша барлық көрсеткіштер: 19						500

2. Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс

Коды	Атауы	Өлшем бірлігі	Қамтамасыз етеді	Растайды	Растаушы құжат	Ұпайлар
2.1	Соңғы 3 жылда жарияланған оқулықтар мен оқу құралдары (ұпай саны ҚазҰАЗУ-дың ішкі тең авторларына, сыртқы тең авторларды есепке алмағанда бөлінеді):					

2.1.1	ҚР ҒЖБМ грифімен	Саны	ПОҚ	КМ/ОӘБ-РОӘК-ЖБТ	Сканерленген: хаттама, титулды беті, мазмұны, оқулық/нұсқаулық шығыс деректері бар беті	20
